

# Логистика ғылым ретінде дамуы және оның тәжірбиеде жүзеге асыру.



**ОРЫНДАҒАН: АМАНТАЙ Қ**  
**ТЕКСЕРГЕН:**  
**ФАКУЛЬТЕТ: ФАРМАЦИЯ**  
**КУРС: 5**



- Логистика
- Логистиканың негізгі мақсаттары
- Қазіргі кезде батыс мамандары логистиканың бірнеше түрлерін бөледі
- Логистика салалары
- Сонымен қатар логистиканың дамуына мүмкіндік жасауға себеп тудырған факторлар:
- Қорытынды

# Логистика



- - клиенттердің немесе корпорациялардың талаптарын қанағаттандыру үшін бастапқы нүкте мен жеткізу нүктелелерінің арасындағы ресурстар ағымын басқаруды білдіреді. Логистика ұғымы ақпарат, тасымалдау, мүліктеу, қоймалау, қаптамалау және қауіпсіздік сияқты құраушылардың бірлесуін қамтиды.



- Логистика гректің «logistike» сөзінен шыққан. Ол есептеу, дұрыс ойлау деген мағынаны білдіреді. Практикалық логистиканың пайда болуы мен дамуының тарихының тамырлары терең. Гамбург университетінің профессоры Г. Павеллек Рим империясының дәуірінде тамақ өнімдерін таратумен айналысатын «логист» немесе «логистик» атағына ие болған қызметкерлердің болғанын атап айтады. Біздің жыл санауымыздың бірінші мыңжылдығында бір қатар елдердің әскери сөздігінде логистикамен қарулы күштердің материалдық ресурстармен қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекетін байланыстыратын.

# Логистиканың негізгі мақсаттары



- Логистика көптеген кәсіпорындардың негізгі функцияларының бірі болып табылады. Логистиканың негізгі көздейтін мақсаттарын **жұмыс өнімділігіне және өзіндік құнға** байланысты деп шартты түрде бөлуге болады. Оларға жататындар: қысқа жеткізу мерзімі, мүліктің төмен деңгейде ұсталуы және өндірістік қуаттарды жоғарғы деңгейде пайдалану.

# Қазіргі кезде батыс мамандары логистиканың бірнеше түрлерін бөледі:



- өндірісті материалдармен қамтамасыз ету логистикасы, яғни сатып алушылық логистика;
- өндірістік логистика;
- өткізу немесе маркетингтік, таратушылық логистика;
- көлік логистикасы;
- ақпараттық логистика және т.б.
- Логистиканың бұл түрлерін логистиканың функционалдық салалары деп атаған дұрыс.

# Тұтынушыға дейін тауарлық және ақпараттық ағымдар өтетін жүйеде келесі негізгі бөлімдерді бөледі:

- материалдарды, шикізатты және жартылай фабрикаттарды жеткізу;
- өнім мен шикізатты сақтау;
- тауарлар өндірісі;
- тауарларды тарату;
- дайын өнімді тұтыну.
- Логистикалық жүйенің әрбір бөлімі логистиканың материалдық негізін құрайтын элементтерді қамтиды. Логистиканың материалдық элементтеріне көлік құралдары, қойма шаруашылығы, байланыс және басқару құралдары жатады, сонымен қатар кадрлар жатады.

# Логистика салалары



- Логистиканы келесідей салаларға бөлуге болады:
- Қамтамыз ету логистикасы
- Өндірістік логистика
- Тарату логистикасы
- Сатудан кейінгі (after sales) логистика
- Шығарып тастау (disposal) логистикасы
- **Қамтамыз ету логистикасы** нарықты зерттеу, қажеттіліктерді жоспарлау, жасау немесе сатып алу шешімдері, тапсырыс беру және тапсырысту бақылау сияқты әрекеттерден тұрады.
- **Өндірістік логистика** қамтамасыз ету мен тарату логистикасын біріктіреді.
- **Тарату логистикасы** негізгі мақсаты ретінде дайын өнімдерді клиентке жеткізу болып саналады. Бұл өз кезегінде тапсырысты өңдеу, қоймалау және тасымалдаудан тұрады. Тарату логистикасының қажеті мол, өйткені өндірудің уақыты, орны және көлемі тұтыну уақыты, орны және көлемінен өзгеше.
- **Шығарып тастау (disposal) логистикасының** негізгі функциясы болып бизнес үрдістері кезіндегі пайда болған қоқыс-қалдықтарды шығарып тастауға байланысты логистика құнын азайту, қызмет түрдерін көбейту болып есептеледі.







- Материалдық ағындарды басқару жөнінде негізделген шешімдерді қабылдау үшін белгілі білімдер қажет. Осы білімдерді өңдеу жөніндегі іс-әрекетті логистикаға жатқызады. Осыған сәйкес логистиканың екі түрлі анықтамасы бар:
- **Ғылым** ретінде **логистика** - материалдық ағындардың тиімділігін арттырудың жаңа мүмкіндіктерін іздеумен байланысты пәнаралық ғылыми бағыт.
- **Шаруашылық іс-әрекет** ретінде **логистика** - өндіріс және айналым салаларындағы материалдық ағындарды басқаруды қамтитын шаруашылық іс-әрекет бағыты.
- Логистиканың негізгі **объектісі** – бастапқы шикізат көзінен бастап ақырғы тұтынушыға дейінгі алмаспайтын (тура) материалдық поток.
- Логистикалық процесс барысында материалдық поток кәсіпорынға жеткізіледі, содан соң қоймалық және өндірістік учаскілер жүйесі арқылы оның тиімді қозғалысы ұйымдастырылады, содан кейін дайын өнім тұтынушыға оның тапсырысы бойынша жеткізіледі.



- Түрлі сапалы материалдық ағындарды басқару жөніндегі іс-әрекеттің аталған түрлері логистиканың **мазмұнын** құрайды.
- Логистиканың дамуының келесі **себептері** бар:
- сатушы нарығының сатып алушы нарығына өтумен байланысты бәсекенің дамуы;
- 70-жылдардағы энергетикалық кризис;
- ҒТП және басқаруды компьютерлендіру.
- Логистиканың дамуының бірнеше кезеңдері бар:



- Кәсіпкерлік іс-әрекетте, экономикалық және ғылыми әдебиеттерде шетелдік мамандар **ЛОГИСТИКАНЫ анықтауда екі ережелі бағытты** бөледі:
- тауар қозғалысының функционалдық тәсілі, яғни тауарларды жабдықтаушыдан тұтынушыға жеткізу кезінде орындалуы тиісті барлық физикалық операцияларды басқару;
- тауар қозғалысының операцияларын басқарудан тыс жабдықтаушы мен тұтынушылар нарықтарын талдауды, нарықтағы сұраныс пен ұсынысты реттеуді қамтып, тауар қозғалысына қатысушылардың мүдделерін үйлестіруді іске асырады.



- Әртүрлі операцияларды жоспарлау және логистикалық жүйе элементтерінің деңгейлерін талдау мүмкіндігі оның макро- және микрологистикаға бөлінуін ұйғарады. **Макрологистика** жабдықтаушылар мен тұтынушылар нарығын талдаумен, таратудың ортақ концепциясын өңдеумен, қоймаларды орналастырумен, көлік түрін таңдаумен, көліктік процесті ұйымдастырумен, материалдық ағымдардың тиімді бағыттарын таңдаумен байланысты мәселелерді шешеді. **Микрологистика** логистиканың жеке бөлімдері мен элементтерінің шеңберіндегі локалды мәселелерді шешеді. (мысалы өндіріс ішіндегі логистика). Микрологистика өнеркәсіптік кәсіпорындардың ішінде тауарлар қозғалысының процестерін жоспарлау, дайындау, іске асыру және бақылау жөніндегі операцияларды қамтамасыз етеді.

# ЛОГИСТИКАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ.



- Логистиканың қызметтері.
- Логистиканың дамуының факторлары:
- Нарықтық іс-әрекетті оптимизациялаудың жаңа формаларын іздестіру және осы саладағы шығындарды қысқарту,
- Нарықтық қатынастар жүйесінің күрделенуі және тарату процесінің сапалы сипаттамаларына деген талаптардың өсуі
- Икемді өндірістік жүйелерді құру
- Сатушы нарығынан сатып алушы нарығына ауысу.

# Сонымен қатар логистиканың дамуына мүмкіндік жасауға себеп тудырған факторлар:



- **экономикалық міндеттерді шешу үшін жүйелер мен компромистер теориясын қолдану.** Жүйелер теориясына сәйкес тауар қозғалысының мәселесі кешенді болып қарастырыла бастады. Ал логистика шеңберіндегі өзара қатынастарды реттеу компромистер теориясының арқасында мүмкін болды (мысалы, жүктерді ұсақ партиялармен тасымалдауға өтумен байланысты көліктің өсуші шығындары клиенттер көліктен тыс тиімділік алуға үміттеніп келісетін тарифтерді көтеру арқылы өтеледі ).
- байланыс және информатика құралдарындағы ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуі («қағазсыз» технология, компьютерлік логистика).
- Сыртқы экономикалық іс-әрекетте тауарларды жеткізу ережелері мен мөлшерлерін бір ыңғайға келтіру, әртүрлі импорттық және экспорттық шектеулерді жою. (ұлттық стандарттардың айырмашылықтары, үлкен ара-қашықтық, кедендік кедергілер).

# Қорытынды



- Бұл анықтама, оның мазмұнына сәйкес, логистиканы ғылым ретінде пайымдайды. Шаруашылық қызмет ретінде логистика келесі анықтамада ұсынылған: логистика – жабдықтаушыға ақша төлеген кезден бастап тұтынушыға дайын өнімді жеткізгені үшін ақша алу мезетіне дейінгі шаруашылық айналымдағы шикізаттың, бөлшектердің және дайын өнімдердің қозғалысын және сақталуын басқару үрдісі. Логистика түсінігін осылай пайымдау көбінесе шетел әдебиетінде кездеседі